

УДК 330.88

**Разакова Дина Ибрагимовна**

Экономика ғылымдарының кандидаты, Туран Университеті, Алматы, Қазақстан

**Нурпейсова Асем Зейтеновна**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің «Экономика» мамандығының докторанты, Семей қаласы, Қазақстан

**e-mail:** d.razakova@turan-edu.kz., asem\_nz@mail.ru

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТЕГІ ЦИФРЛЫҚ ЛОГИСТИКА

*Мақалада экономиканың қозғаушысы логистиканың түсінігі мен шетел тәжірибесіндегі орны, Қазақстанда логистиканың дамуына кедергі келтіретін жағдайларды ашып көрсету жолдары қарастырылған. Логистикалық тізбектерді кеңейту және олардың кеңістіктегі күрделілігі цифрлық экономиканың жаһандық сын-қатерлеріне жауап ретінде цифрлық логистиканы пайдалану қажеттігі туралы толық зерттелген. Сонымен қатар, Цифрлық логистиканың стратегиялық маңыздылығын анықтайтын себептер талданған.*

**Түйін сөздер:** экономика, логистика, нарық, бәсеке, шағын және орта бизнес, цифрлық логистика.

*В статье рассматриваются понятие логистики и место зарубежного опыта в экономике Казахстана, а также способы выявления условий, препятствующих развитию логистики в Казахстане. Расширение логистических цепочек и их сложность были подробно изучены о необходимости использования цифровой логистики в ответ на глобальные вызовы цифровой экономики. В то же время были проанализированы причины определения стратегической важности цифровой логистики.*

**Ключевые слова:** экономика, логистика, рынок, конкуренция, малый и средний бизнес, цифровая логистика.

*The article discusses the concept of logistics and the place of foreign experience in the economy of Kazakhstan, as well as ways to identify conditions that impede the development of logistics in Kazakhstan. The expansion of supply chains and their complexity have been studied in detail about the need to use digital logistics in response to the global challenges of the digital economy. At the same time, the reasons for determining the strategic importance of digital logistics were analyzed.*

**Keywords:** economy, logistics, market, competition, small and medium business, digital logistics.

Логистика – экономиканың қозғаушысы деген тұжырымдарға қосыла келе, бұл ұғымның қарыштап дамып келе жатқан мемлекетке жат емес түсінік екендігін анық айтуға болады. Көптеген ғалымдардың айтуынша Қазақстандағы логистиканың даму потенциалы жоғары. Оған еліміздің географиялық және геосаяси жағдайлары мүмкіндік береді.

ЭКСПО-2017 елімізге көптеген транспорттық дәліздер ашады деп болжануда, Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық магистралі Қазақстанмен шетел арасындағы тауар айналымын көбейтеді. Ал егер Халықаралық Сауда Ұйымына кіретін болсақ, экспорт пен импорт көлемі бірнеше есеге өспек. Ғалымдар болжауынша 2015 жылға қарай Еуропа мен Азия арасындағы тауар айналымы 1 трлн долларға жетпекші. Бұл Қазақстан үшін үлкен мүмкіндік. Өйткені, Қазақстан Еуропа мен Азияны байланыстырушы дәліз, яғни жүк тасымалын қамтамасыз етуші. Алдағы даму жоспарларына байланысты көптеген отандық эксперттер логистикалық қызмет көрсетулерді жоғарғы әлемдік стандарттарға сай етіп дайындауды қазірден бастап ойластыруда, тіпті елбасымыздың соңғы жылдардағы

жолдауларында логистикаға айрықша көңіл бөлінген.

Қазақстанда логистиканың дамуына кедергі келтіретін жағдайларды қарастырайық. Біз әлі жас мемлекетпіз. Нарыққа қадам басқанымыз кеше. Логистика бойынша көш соңында қалуымыздың басты себебі – осы. Логистикалық жүйені қалыптастыру үшін әліде болса біраз уақыт керек. Екінші, еліміздің экономикалық жағдайы. Статистика бойынша, Қазақстанда 1000 шаршы шақырымға шаққанда 35 шақырым, ал АҚШ-та 677 шақырым жол бар. Қазақстанда халықтың 2,3 млн.-ы ауылшаруашылық кәсіпорындарында, ал 0,8 млн.-ы өнеркәсіпте жұмыс істейтін көрінеді. Бұлар өте төмен көрсеткіштер. Экономикамызды, оның ішінде жолдардың сапасын, өнеркәсіп жағдайын, сонымен қатар көлік және коммуникация жағдайын реттемей дамуға жол жоқ. Үшінші, мамандардың мардымсыздығы. Өкінішке қарай, логистика өмірімізге енді-енді еніп келе жатқандықтан, мамандар дайындау жағы ақсап тұр және де қызмет көрсету сапасыда төмендеу.

Рас, еліміздің бірнеше жоғарғы оқу орындарында логист мамандығын алып шығуға болады. Бірақ оқу бағдарламаларында логистиканың жалпы теориясы қамтылғанымен,

олар білімді-білікті маман дайындау жағынан дәрменсіздеу болып тұр. Мамандарымыздың тәжірибесін арттыру мақсатында шетел тәжірибесін кеңінен қолданған жөн [1].

Шағын және орта бизнестегі цифрлық логистиканы тереңірек қарастыратын болсақ, Ресей тәжірибесіне тоқталамыз.

Логистикалық тізбектерді кеңейту және олардың кеңістіктегі "күрделілігі" цифрлық экономиканың жаһандық сын-қатерлеріне жауап ретінде цифрлық логистиканы пайдалану қажеттігіне алып келеді. Интернет технологияларды дамыту өнімге немесе қызметке сұранысты қалыптастыру үшін уақытты айтарлықтай қысқартады. 2035 жылға дейін Ресейде цифрлық экономиканы дамыту бағдарламасында жеке бөліммен көлік және логистика саласы белгіленген [2].

Цифрлық логистиканың стратегиялық маңыздылығын анықтайтын себептерді белгілейміз:

- 1) өндіріс пен сауданың жаңа икемді әдістерінің пайда болуы;
- 2) дәл мерзімде жүйе бойынша уақтылы сатып алу мен жеткізуді кеңінен пайдалану;
- 3) өндірістік және сауда желілерінің географиялық қамтылуын және күрделілігін ұлғайту;
- 4) клиенттер мен жеткізушілер арасындағы өзара қарым-қатынастардың өзгермелі сипаты;
- 5) коммерциялық капитал мен бөлшек сауданың өсіп келе жатқан мәні;
- 6) тұтынушылардың талғамдарының өзгеруі және күрделілігі [3].

Шағын және орта бизнес кәсіпорындарында логистикалық жүйелерді цифрлық экономиканы пайдаланбай дамыту мүмкін емес. Бұл логистикалық тізбектің барлық буындарына, тұтастай алғанда логистикалық жүйеге және оның жекелеген элементтеріне қатысты. Логистикалық жүйенің жекелеген элементтері немесе буындары жиынтығында логистикалық тізбекті анықтайды. Логистикалық тізбектер фирмаларды қайта ұйымдастыру процесінде немесе алынған қызметтестіктен үлкен нәтижелерге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен өзара іс-қимыл жасау қажеттілігі арқылы қалыптасады. Бұл ақпаратты өңдеу мен берудің қазіргі заманғы құралдары жиынтығының көмегімен жүзеге асырылатын логистикалық тізбектің жекелеген элементтері арасында ақпараттық байланыстардың пайда болуы нәтижесінде орын алады. Әдетте бұл ақпаратты жинау мен өңдеудің компьютерленген жүйелері.

Оларды құру үшін локальді есептеу желілерін пайдаланады, онда ақпаратты тура беру және өңдеу және сыртқы желілерге екі жақты шығу қамтамасыз етіледі. Іс жүзінде логистикалық жүйелердің екі түрі бар: макрологистикалық және микрологиялық. Макрологиялық өзара іс-қимыл нәтижесінде жеткізушілерді, көлік ұйымдарын, жалпы пайдаланудағы қоймаларды және тұтынушыларды біріктіру жүргізіледі.

Микрологистикалық жүйелер жеткізу тізбегінде әрбір буынның логистикалық жүйесінің жергілікті логистикалық элементтері арқылы ақпараттың жедел өтуін жолға қоюға мүмкіндік береді. Азық-түлік тауарларын сатуға мамандандырылған көтерме сауда саласындағы шағын кәсіпорын үшін цифрлық экономиканы дамыту мысалында қарастырайық.

Тапсырыс логистикасы. Тапсырыстарды таратумен, сонымен қатар олардың орындалуын қадағалаумен компанияның сауда бөлімдерінің супервайзерлері мен үйлестірушілері айналысады. Тауар қоймаға түсе салысымен, оларды өңдеу қажет, яғни, тауарды қабылдап, «жұмыс бағдарламасы» жүйесіне орналастыру керек. Сатып алу жөніндегі маман жеткізушілермен уақытында есеп айырысуға жауап береді.

Тарату логистикасы. Тауарды ақпараттық жүйе арқылы өткізу кезінде түсімнің түсуі көрсетіледі. Ол үшін тұрақты клиенттерге 7 күннен 14 күнге дейін 20 000 р. дейін кейінге қалдыру ұсынылады. Желілік клиенттер үшін 21 күнге 50 000 р. дейін ұзартылуы мүмкін. Тұтынушылар өз міндеттемелерін адал орындамаған жағдайда бұл жеңілдіктер алынып тасталады.

Көлік логистикасы. Шағын кәсіпорынның өзінің жеке көлігі бар. Компанияның қызметіне Мордовия Республикасының аумағында тауарларды тұтынушыларға дейін автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру кіреді. Күнделікті компания қоймасынан тауарлардың барлық түрлері тиеледі. Барлық автомобильдер (газондар, газельдер) жақсы жағдайда, қала ішінде де, аудандарда да пайдалануға дайын.

Қоймалық логистика. Қоймада цифрлық технологияларды пайдалану, сондай-ақ келіп түсетін тауарлардың айналымын арттыру үшін қажет. Кәсіпкерлерді қоймада тауарларды таратуға үйрету қажет. «Ыстық сақтау аймақтарын» бөліп алады, онда айналымдылығы жоғары тауарларды орналастыру керек. Бұл тауарлар тұтынушылар тарапынан аса назар аударады, тұрақты сұранысқа ие. «Суық сақтау

аймақтары» әлі толық сұранысқа қалыптаспаған тауарлар үшін. Әдетте, бұл жаңа тауарлар, олар туралы тұтынушыларда олардың пайдалылығы туралы жеткілікті ақпарат жоқ. Ол үшін тұтынушылардың кәсіпорынның өзі туралы да, ақпараттық жүйе арқылы тауарларды сатып алу мүмкіндігі туралы да хабардар болуын арттыру қажет. Тұтынушылармен өзара іс-қимыл, ақпараттық жүйе арқылы қоймада сақтаулы тауарлардың айналымдылық санын қадағалау шағын кәсіпорынның шығындарын едәуір қысқарту және қойма жүйесінің ғана емес, сонымен қатар тұтастай алғанда кәсіпорынның жұмыс тиімділігін арттыру. Шағын кәсіпорындардағы логистикалық қызмет логистикалық процестерді айтарлықтай күрделі ұйымдастыру болып табылады. Барлық қатысушылардың келісіп жұмыс істеуі, кәсіпорын менеджерлері өздері таңдаған бизнесте үлкен бәсекелестік артықшылықтарын алу мақсатында бизнес жүргізудің жаңа технологиялары мен цифрлық экономиканы қолдануы өте маңызды.

Шетелдік тәжірибе және шетелдегі логистикалық концепциялардың эволюциясы көрсеткендей, нақты теориялық аппаратта және логистикалық менеджменттің тәжірибелік әдістеріне қажеттілік өндіруші күштердің, технологиялардың, саяси жағдайдың, белгілі тарихи уақытта қалыптасқан нарықтық қатынастардың ересектігіне байланысты болып келеді. Отандық бизнестегі логистикалық көзқарастың мүмкіндіктерін және қарқынын бүгінгі күнгі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайдан және экономикалық реформалар қадамының болжамынан бөліп-жарып қарауға болмайды.

Қорыта келгенде, қазіргі таңда Қазақстандағы логистиканың дамуы нарық заңдары мен қағидаларынан туындағандай логистиканы игеру және оны кәсіпорындағы басқару жүйесімен бірігуі нарықтық экономиканың даму деңгейін көрсетеді.

#### Список использованной литературы

1. <http://economics.kazgazeta.kz> сайтының мәліметтері. Айбек Қорықбаев, Сәбит Тасжарғанов.
2. Развитие цифровой экономики в России. Программа до2035 года. – М. : Центр изучения Цифровой(электронной) экономики, 2017. – 40 с.
3. Neil, M. Coe. Missing links: Logistics, governance and upgrading in a shifting global economy // Review of International Political Economy. – 2014. – Vol. 21, №1. – P. 224 – 256.

#### **Разакова Дина Ибрагимовна**

**Лауазымы:** Экономика ғылымдарының кандидаты, Туран Университеті, Алматы, Қазақстан

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абай көшесі 14

**Ұялы. тел:** +7 701 723 71 30

#### **Нурпейсова Асем Зейтеновна**

**Лауазымы:** Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университетінің «Экономика» мамандығының докторанты, Семей қаласы, Қазақстан

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., 343 квартал, 13 үй

**Ұялы. тел:** +7 777 855 25 85

#### **Шағын және орта бизнестегі цифрлық логистика**

#### **Разакова Дина Ибрагимовна**

**Должность:** Кандидат экономических наук, Университет Туран, Алматы, Казахстан

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая 14

**сот. тел:** +7 701 723 71 30

#### **Нурпейсова Асем Зейтеновна**

**Должность:** докторант Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, 343 квартал, дом 13

**сот. тел:** +7 777 855 25 85

#### **Цифровая логистика в малом и среднем бизнесе**

#### **Razakova Dina Ibragimovna**

**Position:** Candidates degree in Economic sciences, Turan University

**Mailing address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Abai St. 14

**Mob.phone:** +7 701 723 71 30

#### **Nurpeisova Assem Zeitenovna**

**Position:** PhD student Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University

**Mailing address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, 343 quarter, house 13

**Mob.phone:** +7 777 855 25 85

#### **Digital Logistics in Small and Medium Businesses**